

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТІРЛІГІ  
Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТАУ МЕМЛЕКЕТтік  
УНИВЕРСИТЕТІ

“Экономика және құқық” институты

“Есеп және аудит” кафедрасы

# Курстық жұмыс

Пәні: Аралық қаржылық бақылау

Тақырыбы: Қаржы салымдарының есебі

Орындаған: .

Тексерген:

Күні: \_\_\_\_\_

Бағасы: \_\_\_\_\_

Қолы: \_\_\_\_\_

Ақтау 2007

# МАЗМҰНЫ

## Кіріспе

### 1. Елім Инвестициялардың есебі

#### 1.1. Инвестицияның мәні мен ұғымы

#### 1.2. Бірлесіп бақыланатын шаруашылық серіктестердің инвестициясының есебі

#### 1.3. Тәуелді және еншілес серіктестердің инвестициясының есебі

### 2. Елім Қаржылық инвестиция

#### 2.1. Қаржылық инвестиция есебі

#### 2.2. Қысқа және ұзақ мерзімді инвестиция есебі

#### 2.3. Инвестицияны қайта бағалау

### 3. Елім Қазақстандағы инвестиция

#### 3.1. Инвестицияның экономикалық мағынасы

#### 3.2. Кәсіпорының инвестициялық стратегиясы және инвестициялық қызметі

## Қорытынды

## Пайдаланған әдебиеттер

## *Кіріспе*

Курстың жұмыстың тақырыбы: Қаржы салымдарының есебі.

Бірінші бөлімде жалпы инвестиция дегеніміз не,оны қалай жүргізуге болады тағы сол сияқты факторлар қарастырылған. Ал екінші бөлімде қаржылық инвестицияның мерзімі,оны қалай бақылауға болады. Үшінші бөлімде жалпы Қазақстандағы қаржылық инвестиция қалай жүргізіліп жатыр сол жайында жалпы қарастырылған.

Қаржы нарығының айрықша бөлігі, ол- бағалы қағаздар нарығы. Ал қаржылық инвестициямен осы бағалы қағаздар нарығы тікелей байланысты.Бүгінгі күні елімізде көптеген акционерлік қоғамдар,сақтандыру компаниялары,инвестициялық және мемлекеттік емес зейнетақы қорлары,сонымен қатар басқа да кәсіпорындар мен ұйымдар тіркелген. Осы жоғарыда аталған кәсіпорындар мен ұйымдардың барлығы да еліміздегі бағалы қағаздар нарығының потенциалды қатысушылары қатарына жатқызылады.Олардың кейбіреулері эмитент, яғни айналыста бағалы қағаздар шығарушылар болып табылса,ал екіншілері инвестор ретінде қызмет атқарады. Кәсіпорындар мен ұйымдарға жаңа технология енгізу,өндірісті жаңарту(модернизациялау), қайта құру(реконструкциялау) әрқашанда ірі капитал салымын керек етеді.

Инвестиция - экономиканы дамуының тұрақты және жоғарғы қарқынын қалыптастыруды, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізуді, инфрақұрылымды дамытуды көздейтін басты фактор.Инвестицияны дамытуда кәсіпорындарды қаржыландыратын және ұзақ мерзімге несие беретін мамандандырылған инвестициялық банктар мен акционерлік қоғамдардың акцияларымен құрылған инвестициялық қорлар ерекше рөл атқарады.

## 1.Бөлім инвестициялардың есебі

### 1.1 Инвестициялық мәні мен ұғым

Инвестициялар деп өнеркәсіптің, құрылыстың ауыл шаруашылығының және экономиканың басқа да салаларының кәсіпорындарына капитал ретінде алынып, жұмсалатын шығындардың жиынтығын айтамыз. Инвестициялық қызметтің мақсаты – түпкі нәтижесінде кәсіпкерліктен табыс немесе процент алу болып табылады.

Инвестицияның кезі болып жаңадан қалыптасқан (құрылған)құн немесе таза табыстың жинақталған бөлігі саналады. Кәсіпкерлер оны өзінің табысының қаржаттарының есебінен жұмысқарады. Негізгі капиталды жаңартуға арналған инвестиция кезі болып кәсіпорының меншігінде қалған табысы саналады. Бағалы қағаздардың көп түрлілігі инвестицияны жіктеудің көптеген критерийлерін алдың-ала айқындайды.

Капиталды бағалы қағаздар кәсіпорынды дамыту үшін,оның капиталын құрастыру немесе ұлғайту мақсатында шығарылады.

Бағалы қағаздар құқығы бойынша кімге жататындығы туралы белгілерін куәландыру үшін олар былайша бөлінеді:

-*басалы қағазды ұсынушылар-құқықтарын орындау үшін*,бірақ олардың нелерін теңсіздік (идентификациялауды) талап етпейді, ұстаушылардың атына тіркеу жасалықбайды. Ұсынушы бағалы қағазды куәландыратын құқығын басқа адамға қарапайым жолмен қолына береді.

-*атаулы басалы қағаздар*-белгілі бір адамның атына жазылады.Бағалы қағаздарда куәландырылған құқықтары ондағы қойылған талапты жеңілдету үшін белгіленген тәртіппен басқа тұлғаға береді.Атаулы бағалы қағаздар бойынша құқық берілетін адам соған сәйкес келетін талаптардың орындалуу емес,ондағы тиесілі талаптың заңды еместігіне жауап береді.

-*ордерлік басалы қағаз*-ол ең алғашында иемданушінің атына немесе оның бұйрығы бойынша жазылады. Бұл көрсетілген құқықтар қағазға түсірілген тәртіпке байланысты ауыспалылығын сақтайтындай етіп-индоссаментке жазып береді.

Инвестиция - экономиканы даудың тұрақты және жоғарғы қарқынын қалыптастыруды, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізуді,

инфрақұрылымды дамытуды көздейтін басты фактор Инвестицияны дамытуда кәсіпорындарды қаржыландыратын және ұзақ мерзімге несиелік беретін мамандандырылған инвестициялық банктер мен акционерлік қоғамдардың акцияларынан құрылған инвестициялық қорлар ерекше роль атқарады.

Инвестор бағалы қағаздар нарығында жұмыс істей жүріп салымдарды тараптандырудың (диверсификациялаудың) принципін ұстануы тиіс: инвестор қаржылық активтердің әр түрлісін алуға ұмтылуы керек. Бұл салымдардың тәуелсіздігін азайту үшін қажет. Мысалы, инвестор өзінің барлық акцияларын бір компанияның акцияларына салады делік. Бұл жағдайда ол акция курсының нарықтық ауытқуына толық тәуелді болады. Егер кәсіпорын қаражаттары бірнеше компаниялардың акцияларына салынатын болса, онда инвестордың табысы неғұрлым аз ауытқитын біршама компаниялардың акциясына тәуелді болады. Егер инвестор әр тараптандыру (диверсификациялау) принципін ұстанатын болса, онда ол инвестициялық (фондылық) портфель деп аталатын бағалы қағаздардың жиынтығымен байланысты болады.

Мәмілеге байланысты шығарылатын бағалы қағаздар: *фондылық* (акциялар, облигациялар) және *судалық* (коммерциялық вексельдер, чектер, коносаменттер, кепілдік міндеттемелер, т.б.) болып бөлінеді.

*Фондылық бағалы қағаздар* көптеп шығарылуымен (эмиссиясымен) ерекшеленеді және лозар қор биржаларында айналысқа түседі.

*Судалық бағалы қағаздар* коммерциялық бағытқа ие: ол негізінен сауда операциялары бойынша есеп айырысуға және тауарларды орын алмастыру процесіне қызмет көрсетуге арналған.

Нарықтағы айналыс ерекшеліктеріне байланысты бағалы қағаздарды нарықтық (айналыстағы) және нарықтық емес (айналыстағы емес) екі бөлуі мүмкін.

Нарықта болатын бағалы қағаздар биржалық және биржалық емес айналым шеңберінде нарықта екінші рет еркін сатылуы және сатып алынуы мүмкін. Олар сатылғаннан кейін эмитентке мерзімінен бұрын ұғынылмайды.

Нарықтық емес бағалы қағаздар бір қолдан екінші қолға еркін көше алмайды, екінші рет айналысқа түспейді. Бұндай бағалы қағаздар қатарына оларды шығару кезінде сатылмайды деген шарт қойылса, онда оларды тек эмитенттің өзі ғана сатып алады. Сондай-ақ айналысқа шектелген бағалы қағаздар да бөлініп көрсетілуі мүмкін. Мысалыға, жабық АҚ акциялары сатып алу және асту мәлімате бойынша шектелген акциялардың қатарына жатады.

Бағалы қағаздар әрекет ететін орнына байланысты: ақша қаржылығы бағалы қағаздар және материалдық бағалы қағаздар болып екіге бөлінеді.

Ақша қаржы дегеніміз – қысқа мерзімді бағалы қағаздардың алынуы мен сатылуын көрсетеді және ол қаржылық нарықтың бір бөлігі. Қысқа мерзімді бағалы қағаздардың әрекеті ету мерзімі – бір күннен бастап бір жылға дейін болуы мүмкін. Айналыстағы бағалы қағаздар, әдетте, төлемгі төлем тәуелсізмен қатар жүреді, өйткені қарыз берушілердің төлем қабілеттілігі жоғары болса ғана шығарылады. Ақша қаржының бағалы қағаздарына: қазыналық вексельдер, депозиттік сертификаттар, коммерциялық қағаздар жатады.

Бағалы қағаздар нарықтық капиталдар ретінде бір жылдан астам мерзімге ұсынылады. Бұл борышкерлік, сондай-ақ инвестициялық бағалы қағаздар болуы мүмкін.

Бағалы қағаздардың атқаратын ролі бойынша: негізгі (акциялар мен облигациялар), көмекші (чектер, вексельдер, сертификаттар т.б.) және негізгі қағаздардың алынуы мен сатылу құқығын куәландыратын шартты бағалы қағаздар болып бөлінеді (варранттар, опциондар, қаржылық фьючерстер, сатып алу құқығының артықшылығы).

## 1.2 Бірлесім бақыланатын шаруашылық серіктестердің инвестициясының есебі.

Занды тұлға басқа кәсіпорындардың пакет акциясын, қатысу үлесін алу арқылы қаржылық салымдарын жүзеге асыруы мүмкін. Салынған қаржылық салымдардың дәлгейіне байланысты олар: не бақылаушы, не қаржылық немесе субъектінің басқа да салғатына едәуір әсер ететін болып белгіленеді.

Егерде инвестордың қатысу үлесі 50% және оданда көп дауыс беру құқы бар акциясы болса, онда ол қаржыландыратын объекті бойынша оның бақылауында болатын және еншіліс серіктестігі болып табылады.

Инвестицияның есебі 14 Инвестициялар бөлімшесінің шоттарында жүргізіледі, оның құрамына мынадай синтетикалық шоттар кіреді: 141 “Еншілес серіктестерге салынған инвестициялар”, 142 “Тәуелді серіктестерге салынған инвестициялар”, 143 “Бірлесім бақыланатын заңды тұлғаларға салынған инвестициялар” 144 “Басқа инвестициялар”.

*Бірлесім бақыланатын шаруашылық серіктестердің инвестицияны жүзеге асыруы*

- Бірлесім жасайтын қызметтің бір нысаны, онда бірлескен бақылау қызметін бекіткен кезде әрбір қатысушы шаруашылық серіктестерге өзінің қатысу үлесі бойынша толықпаған келісім-шартын жасайды.

Бірлесім бақыланатын заңды тұлғалар активтерді бірігіп аларды, жасалған шығындарды танады және алынған табыстарды анықтайды. Олардың әрқайсысы өз атынан мәміле жасай алады, өз қызметін қаржыландыру үшін капиталдарды тарта алады. Бұл кезде бірлескен қызметке қатысушылардың әрқайсысы қызмет нәтижесінде алынған ожадан өз үлесін алуға құқышы. Бірлесім бақыланатын заңды тұлға басқа да бірлескен қызметтерді келесі нысанда жүзеге асыруына болады:

- Бірлесім бақыланатын өндіріс;
- Бірлесім бақылайтын активтер;

*Бірлесім бақымайтын өндіріс*- заңды тұлғаны құрмай тұрып, қатысушылар өздерінің жалпы шаруашылық мақсатына жету үшін активтерді пайдалануын толықпайды.

әрбір қатысушы бірлесіп бақыланатын ендіріс бойынша өзіне тиесілі шығындарын алады және олар алдың-ала өкімді сатудан алған табысты тарағудың тәсілін қарастырып қояды. Осы процестің барысында пайдаланған негізгі құралдардың, тауарлы-материалдық запастардың және т.б. активтердің құнын әр қатысушы өз балансында тексереді.

Бірлесіп бақыланатын активтер-жалпы мақсат үшін алынған немесе салынған активтерді қатысушылар бірлесіп иелік етуді топшылайды. Бұл арада олардың негізгі қызметі үшін салынған активті барлық қатысушылар теңдей пайдаланады. Әрбір қатысушының табысы олардың кәсіпорын экономикасына қосқан үлесі арқылы анықталады. Әрбір қатысушы өзінің қосқан үлесін басқа қатысушыларға сатуға, тегін беруге құқылы.

Төменде кешілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын серіктестерге салынған инвестициялар бойынша шоттар корреспонденциясы көрсетілген.

Қатар	Шаруашылық операцияларының мазмұны	Солтасы тенге	Дебет	Кредит
1		3	4	5
1	Еңгілес-тәуелді және бірлесіп бақыланатын серіктестердің мына иеліктерді сату арқылы инвестициялары жасалынды -тауарлар нег. Құралдар, материалдық емес активтер -есеп беретін адамдарға берілген солтасы есебінен -заңды және жеке тұлғалардан	200 000 50 000 450 000	141-144 141-144 141-144	125,101-104,106 333 671,687
2	Заңды және жеке тұлғалардан тегін түскен инвестициялар	100 000	141-144	727
3	Тәуелді немесе еңгілес серіктестер өз активтерін өзінге бағалудың нәтижесінде үлестік қатысу солтасы инвестицияның құнын өсіреді	300 000	141-144	542



### 1.3 Тәуелді және еншілес шаруашылық серіктестердің инвестициялық есебі

Тәуелді серіктестік инвесторлардың едәуір ықпал етуінде болады және ол еншілес шаруашылық серіктестігі де, бірлесіп бақыланатын заңды тұлғасы да бола алмайды. Субъектінің қызметіне инвестор едәуір ықпал етеді, оның 20%-дан астам ғана дауыс беруші акциясы болса да. Тәуелді серіктестер өз инвестициясын жүзеге асыру үшін мына екі әдістің бірін пайдаланады:

- үлестік қатысу әдісі;
- құндық әдісі (немесе құн әдісі);

*Үлестік қатысу әдісі* – инвестицияларды келенген мезетте сатып алу құнымен көрсетіп, кейінірек тәуелді шаруашылық серіктестердің таза активтеріндегі өзгерістерді инвестордың үлесі мойындалуына байланысты олардың құнының өсуін(келуін) есепке алу әдісі. Тәуелді шаруашылық серіктестігінің таза кірісінде(шығысында) инвестор үлесінің өзгеруі қаржылық-шаруашылық қызмет туралы есептегі табысқа(шығынға) жатқызылады.

*Құн әдісі* – инвестицияны алу кезінде сатып алу құны бойынша көрсетілетін есептік әдіс. Инвестордың қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есепте инвестиция табысы тәуелді шаруашылық серіктестігінің жинақталған жалпы табысының сомасынан тиісті дивиденттердің мөлшері алынғаннан кейін барып мойындалады.

Инвестиция сатып алу құны бойынша есептеледі, егер де инвестицияны жақын арада сату мақсатына алса немесе инвестицияланған кәсіпорын қатаң ұзақ мерзімді шектеулі жағдайында әрекет ететін болса, бұл соңғы инвесторға табысты беру қабілетін біршама төмендетеді. Мұндай шектеулерді тудыратын себептерінің қатарына өреттеуші органның бақылауында болса, сондай-ақ олар кәсіпорындағы дивиденттерді бөлудің саясатына араласа кәсіпорын өз қызметін. Дивиденттерді аударуға шек қойылған елдерде жүргізуі мүмкін.

Егер де дивиденд инвестицияны алынғанға дейін алса, онда ол капиталды қайтарған болып саналады және инвестордың балансы сол сомға азаяды.

№	Шаруашылық операциялардың мазмұны	Сомасы, тенге	Шоттар корреспонденциясы	
			дебет	Кредит
1	2	3	4	
1	Занды түрлердің, сонда қалыптасқан (немесе олардан алынған) бағасы бойынша акциялары сатып алынды: - "Темір" ААҚ-28% айналыстағы акциясы - "Цемент" ААҚ-28% айналыстағы акциясы	3 110 000 4 600 000	142	671
2	Бірінші жартың нәтижесі бойынша "Цемент" ААҚ 2000 мың долларды жария еткен, сондықтан "Шығыс" ААҚ оны табыс ретінде көрсетуі керек $373333$ тенге ( $2\,000\,000 \times 28\% / 12$ ), және инвестицияны алғанға дейін алынған табыс – $186667$ тенге ( $2\,000\,000 \times 28\% \times 4 / 12$ ), инвестицияның баланстық құнын азайтады	373333 186667	332	724 142
3	Келесі жартың наурызында сатылған инвестиция керініс табады: - инвестицияның баланстық құнының сомасына - инвестицияны сатып кездегі, оның келісім шартық құнына	7523333 8500000	843 301	142 723
4	Сатып алушылар ұсынып анышотты төледі	8500000	441	301

Еңгілес шаруашылық серіктестік – негізгі серіктестіктің бақылауында болатын серіктестік. Бұндай бақылау қаржыландыратын объектінің 50% астам акциясын тікелей немесе жанама нәтижесі жүзеге асуы мүмкін. Еңгілес серіктестердің көрсеткіштері негізгі серіктестердің қаржылық есеп беруінде, біріктірілген есеп беруінде көрсетіледі, бірақ онда қабылданған есептік саясаты ескеріледі, сондықтан олар мына екі әдістің бірін пайдалануы мүмкін:

- үлестік қатысу әдісі;
- ұзақ мерзімді инвестицияны емдеу әдісі.

Негізгі серіктестік өзінің еңгілес серіктестігіне инвестициясын бөліп біріктірілген, қаржылық есеп беруін жасайды, ол кезде барлық жергілікті және шетелдік еңгілес серіктестерді өзіне енгізеді.

## 2.Бөлім Қаржылық инвестиция

### 2.1 Қаржылық инвестиция есебі

Қаржылық инвестициялардың есебі 40 “Қаржылық инвестициялар” бөлімшесінің шоттарында жүргізіледі. Оған 401 “Акциялар”, 402 “Облигациялар”, 403 “Басқа қаржылық инвестициялар” шоттары кіреді.

403-401 шоттары активті, күрделі, негізгі болып табылады. Осы шоттардың дебетіне қаржылық салымдардың айдың басы мен аяғындағы қалдықтары, инвестициялардың ұлғаю операциялары; кредит бойынша қаржылық инвестициялардың келу операциялары жазылады.

Қаржылық инвестициялардың шоттары бойынша талдамалы есеп инвестициялардың түрлері және осы инвестициялар салынған объектілер бойынша жүреді.

Қаржылық инвестициялар сатып алу кезінде ол оның сатып алынған базасымен бағаланады, ал сатып алынған базаға алумен байланысты тікелей шығыстар, яғни брокерлік марапаттауы, банктің көрсеткен қызметі үшін төленетін пайыздары, қор биржасының комиссиялық төлемдері кіреді.

Облигация ұстаушысына өз құнынан процент түрінде тұрақты табыс беретін бағалы қағаздардың бір түрі. Облигациясы барлар (ұстаушылар) эмитенттің (акционерлік қоғам, мемлекеттік муниципалды органдар) облигацияны шығарушының кредиторы болып табылады.

Облигацияларды сатып алу және олардан алынған табыстар бойынша есептеулерді келесі мысалдармен көрсетейік:

1. *Облигация, номиналдық құны бойынша шығарылған.* Кәсіпорын 1 млн. тенге тұратын, әр қайсысы мың теңгеден, 1000 дана облигациясын сатып алды делік, бұл арада эмитент үш жылдық мерзімге, әр үш ай сайын, жығын деңгейден есептелген 20% төлем жасап тұруға міндеттенген. Сатып алынған облигациялардың құнына:

402-ші “Облигациялар” шоты дебеттеледі де 441 шоты кредиттеледі – 1000 000 тенге.

2. *Сыйақымен шығарылған облигация.* Эмитент 1000 000 тенге солаға әрқайсысы 1000 тенге тұратын, 2 жылдық мерзімге арналған, жыпына 2рет жылдық 25% -ік міндетті түрде төлемін жасап отыратын облигацияның 1000

данасын басып шығарады. Инвестор-кәсіпорын облигациялардың нарықтық құны хабарланған номиналдан 3% артық немесе 1 030 теңгеден астам болған кезде табыс табу үмітімен оларды сатып алған еді, өйткені эмитент нарықтағы орташа төлеммен (нарықтық проценттік ставка 22%) салыстырғанда неғұрлым жоғары проценттер төлемі жөнінде хабарлаған болатын.

Депозиттер – бос ақша қаражаттарының банктердегі салымдары.

Бонддар – мемлекеттік қазына, жекелеген мекемелер мен кәсіпорындар шығаратын қарыздық міндеттемелері. Бонддарды сатып алу және сату қаражаттары суррогаттарының есебінде қолдана алады.

Қазыналық вексельдер – мемлекеттік қысқа мерзімді міндеттемелердің түрі; олардың пайыздық күтіндері болмайды.

Қазыналық ноталар – қазыналық эмиссия тәртібі бойынша шығарылатын ақшалардың түрі. Қазыналық билеттердің синонимі (асып металдармен қамтамасыздандырылмаған және алтын мен күміске ауыстырылуға жатпайды); ұсыну үшін шығарылатын мемлекеттік міндеттемелердің орташа мерзімділігінің бірі түрі.

Опцион – опциондық контрактінің нәтижесі болып табылатын бағалы қағаз, соған сәйкес қатысушылардың бірі біршама уақыт өткен соң бағалы қағаздарды алдын-ала ескертілген бағасы бойынша алуын немесе сатуына құқығы бар қатысушыны айтады, ал екінші қатысушы болса, ақшалай сыйақы алу үшін қажет болған жағдайда бағалы қағаздарды белгілі бір келісілген бағасы бойынша сатуға немесе сатып алуға құқы бар.

## 2.2 Қысқа және ұзақ мерзімді инвестиция есебі

Қысқа мерзімді мерзімді қаржылық инвестициялар Бухгалтерлік баланста не ағымдағы құнымен, не сатып алу құнымен немесе ағымдағы құнының ең төменгі бағасымен есептелінеді.

Егерде қысқа мерзімді қаржылық инвестиция ағымдағы (нарықтық) құнымен есептелінсе, онда тұрақты түрде кезеңдік өзгерістерін ескеріп отыруға тура келеді, мысалға, қор биржасындағы инвестицияның котировкасы сияқты.

Қысқа мерзімді қаржылық инвестиция ессе, онда ол табыс болып танылады, ал керісінше өзгерсе, онда ол шығыс болып танылады.

Егер де қысқа мерзімді қаржылық инвестиция ағымдағы бағадан жоғары немесе сатып алу құнының ең төменгі бағасымен алынса, онда баланстық құнын келесі негізде анықтайды:

- жалпы қоржындық жиынтығымен;
- инвестицияның түрі бойынша қоржындық жиынтығымен;
- жеке инвестициялары бойынша.

Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бухгалтерлік баланста төмендегідей жолмен анықталады:

- сатып алу құнымен;
- қайта бағалау құны ескерілген құнмен;
- сатып алынған құнмен және ағымдағы құнның ең кіші бағасымен бағаланады, яғни қоржындық бағалы қағаздар негізінде.

Ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияны қайта бағалау үшін: қайта бағалаудың мерзімін анықтау қажет және бір уақытта ұзақ мерзімді инвестициялардың бір ғана түрі бағаланады.

Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар құны төмендеген жағдайда сөзсіз бұл инвестициялардың баланстық құны қайта қаруды талап етеді. Құнды тап осығанша төмендету әрбір инвестиция үшін жеке анықталынады және есептелінеді. Инвестицияның үстеме бағасының сомасы есебінен жүргізіледі. Бір инвестицияның үстеме сомасы жоқ болған жағдайда (жетіспесе) оның құнының төмендеуі зиянға есептелінеді. Инвестицияның үстеме бағасының сомасы, бұрын құны төмендеген болса, сол инвестицияның

зияны етелгеннен кейін меншік капиталына жатқызылады, яғни сол сомға еседі.

Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар құны төмендеген жағдайда сөзсіз бұл инвестициялардың баланстық құны қайта қарауды талап етеді. Құнды тап осылайша төмендету әрбір инвестиция үшін жеке анықталынады және есептелінеді. Бұл кезде инвестицияланған субъектідегі инвестордың үлес салмағы және тәуекелділіктің түрі ескерілуі керек. Қаржылық инвестициялар есептен шығарылғанда, оны сатқаннан түскен пайда мен баланстың құнының арасындағы айырмасынан шығындарды алып тастағаннан кейін (брокердің немесе диспетрдің қызметі) ол не табысқа, не шығысқа жатқызылады. Егер инвестиция бұрынғырақта қайта бағаланған немесе ағылдағы құны бойынша бағаланған болса, онда қайта бағалау сомасы табысқа немесе қабылданған есеп саясатына сай бөлінбеген табысқа жатқызылады.

Ұзақ мерзімді қаржылық инвестиция қысқа мерзімді инвестицияларға өтетін болса, онда оның сатып алу мен баланстық құны ең төменгі баға бойынша аударылады.

Егер инвестиция бұрынғырақта қайта бағаланған болса, онда қайта бағалау сомасы аудару кезінде шығарылып тасталынады.

Егер қысқа мерзімді қаржылық инвестиция ағылдағы құнмен есептелсе, онда ол баланстық құн бойынша аударылады.

Қатар №	Шаруашылық операциялардың мазмұны	Сомасы, теңге	Шоттар корреспонденциясы	
			Дәбет	Кредит
1	2	3	4	5
1.	Қаржылық инвестициясы алынған:			
	- "ТБС" ААҚ компаниясы қысқа мерзімді			
	- Сатып алынған акцияның құнына (5000x200)	1 000 000	401	671,687
	- Брокерлік қызметтің құнына	15 000	401	671
	Жыны	1015000		
	- ұзақ мерзімді			
	"Темір" ААҚ акциясы	3 600 000	401	441

	“Цемент” ААҚ акциясы	2 900 000	401	671
	“Шығыс” ААҚ акциясының құнын да, өткен жылдың дивидендіні де төледі	100 000	332	671
	Сатып алынған қаржылық инвестицияның құны, барлығы	7 515 000		
2	Сатушыға қаржылық инвестицияның құны төленді (1000000+15000+2900000+1000000)	4015000	671,687	441
3	“Цемент” ААҚ, акцияға қосылған дивиденд құны төленді	100 000	441	332
4	Қысқа мерзімді қаржылық, инвестицияның ағымдағы құнының өзгеруіне байланысты және ұзақ мерзімді категориясына өтуіне байланысты ағымдағы құны бойынша бағаланып, бірінші қантөңірден бастап оның баланстық құны болып саналды. “ТБС” ААҚ акциясы (5000x250- 1015000)	235000	401	727
5	“Цемент” ААҚ акциясы бойынша дивиденд есептелінеді	150000	332	724
6	“Темір” ААҚ 5 000 акциясы сатылды: - инвестицияның баланстық құнына (5000x450) - сатудан түскен табыс сомасына	250 000 250 000	843 441	401 723
7	“Цемент” ААҚ акциясы бойынша дивиденд алынды	150 000	301,441	332
8	Қысқа мерзімді қаржылық, инвестицияның ағымдағы құнының өзгеруіне байланысты “Темір” ААҚ акциясы ұзақ мерзімді инвестициясына қысқа мерзімді инвестициясына ауыстырылды 30 000 теңге [(5000- 5000)x460-8000-5000)x450]	30 000	401	727
	“Шығыс” ААҚ 1-ші маусымға қалған қаржылық инвестициясын көрсетті:			

<p>- ұзақмерзімді:  “ІБС” ААҚ акциясы – 1250 мың теңге  (23500+1015000)</p> <p>“Цемент” ААҚ акциясы – 290 мың  теңге</p> <p>- қысқа мерзімді:  “Темір” ААҚ акциясы – 1380 мың  теңге (3600000-2250000+30000)</p>			
--	--	--	--



### 2.3. Инвестицияларды қайта бағалау.

Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар қайта бағалау үшін бағалаудың мерзімділігін анықтау керек; ұзақ мерзімді инвестициялардың бір түрін бір мерзімде ғана қайта бағалаған жөн.

Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың үстеме бағасының сомасы меншік капиталын өсіреді. Инвестицияның құны кәміп кетсе, онда ол инвестицияның үстеме бағасының есебінен төмендетіледі. Егер инвестицияның үстемесі болмаса, онда ол шығынға жатқызылады.

Бұрындары төмендетілген инвестиция құны осы кездегі инвестицияның үстемесінің есебінен өтеліп, қалған сомасы меншік капиталына қосылады.

Егерде ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияның құны қайта бағалаудың нәтижесін азайтса, содан соң көбейсе, алдыңғы ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияның азайған құны өзінің бастапқы қалпына келтіріледі. Сол қалпына келтірілген сома қабылданған есеп саясатына байланысты табыс немесе тартымпаз табыс ретінде танылады.

Мысалы, "Шығыс" ААҚ 800 мың теңгеге ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияны алған. Есептік саясатқа байланысты ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияны қаржылық есеп беруде жылына бір рет жүргізілетіндіктен қайта бағаланған сомасымен көрсетіледі. Ал егер де бұрындары қайта бағаланған инвестициялар есептен шығарылған кезде сомалар қалпына келтіріліп, содан соң сол сомалар тартымпаз табыс ретінде көрініс табады.

Инвестицияны игерудің бірінші жылында ұзақ мерзімді қаржылық инвестиция 120 мың теңгеге қайта бағаланған, ал екінші жылы, керісінше, 180 мың теңгеге азайған, ал үшінші жылы 190 мың теңгеге қайта бағаланған (яғни, бағасы өскен). Бірінші жылдың соңғы күндері ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияның 50% категориясы қысқа мерзімді инвестицияға көшірілген.

Есептік саясатта қысқа мерзімді қаржылық инвестицияны ағымдағы немесе сатып алу құнының ең төменгі бағасы бойынша есептелуін қарастыруы мүмкін. Екінші жылдың басында 500 мың теңгеге инвестиция сатылған, төртінші жылдың басында инвестицияның қалған бөлігі 600 мың теңгеге сатылған. Соңғы екі жылдың барысында жыл сайын 300 мың теңгеден дивидент есептелген.

Қаржылық инвестицияны өтеушілік әдісімен бағалаған кезде бірнеше жылдардың қатар санын пайдаланады. Қаржылық жобасына: бірінші жылы – 40 мың теңге, екінші және үшінші жылдары – 60мың теңге, төртінші, бесінші жылдары – 40 мың теңге салынады деп топшыланған. Шығысында ол 180мың теңге құраған, яғни инвестицияның құны 20мың теңгеге азайған.

Инвестицияның өтеушілік мерзімін есептеу әдісі негізінен инвестицияның бастапқы салынған сомасын жабу үшін қажет, өтеушілік мерзімін анықтау, демек жобаны іске асырудан түсетін ақшалай түсімдер сомаы, оның бастапқы инвестиция сомасына тең болғанға дейін созылады және де ол инвестицияланған қаражаттың табыстарының есебінен қайтарылады.

Өтеушілік кезеңін есептеу әдісі жобаның тәуекелділігі жөніндегі мәселеге алдын-ала жауап береді, ал ол (тәуекелділік) өз кезегінде инвестициялық сомаларды қайтару мерзімінің ұзақтылығына байланысты болып келеді. өтеушілік мерзімі қысқа болған сайын, жобадан түсетін ақшалай қаражаттардың да түсімі көп күтіледі, яғни шаруашылық субъектісінің өтімділік деңгейі де артады.

### 3.Бөлім Қазақстандағы инвестиция

#### 3.1 Инвестицияның экономикалық мазмұны

**Инвестиция** – Қазақстан экономикасының нарықтық экономикаға өтуі кезінде пайда болған жаңа термин. Орталықтандырылған жоспарлау жүйесінің шеңберінде “Жалпы капиталдық салымдар” деген түсінік қолданылатын, осы түсінік бойынша жаңа құрылыс пен қайта өңдеуге, шаруашылық жүргізіп отырған кәсіпорындардың кенәуі мен техникалық қайта қалтамасыздандырылуына (өндірістік капиталдық салымдар), тұрғын үй мен тұрмыстық-мәдени құрылысқа (өндірістік емес капиталдық салымдар) жұмсалынатын барлық қаржылық құралдар түсіндіріледі.

Инвестициялар ақша құралдары, мақасты банкілік салымдар, пайлар, акциялар және де басқа құнды қағаздар, технологиялар, машиналар, қондырғылар, лицензиялар, соның ішінде тауар белгісіне, пайда табу мақсатында кәсіпкерлік қызмет объектісіне салынатын интеллектуалды бағалықтар, несиелер қаз келген мүлік немесе мүліктік құқықтар ретінде анықталады және осының бәрі – пайда табу мен әлеуметтік жақын әсерлерге жету мақсатында. Осы тұрғыда инвестиция түсінігі нарықтық тәсілге жақын келеді.

Келтірілген анықтамалар нарықтық және жоспарлық жүйелерде инвестицияның мәнін түсінудегі айырмашылықты көрсетеді. Ресурстардың бөлінуі әкімшілік жүйесі жағдайында меншіктің бір түрімен жүзеге асатындықтан, инвестицияландырудың қаржылық және басқа түрлерінің бар екендігін отандық экономикалық ғылым қарастырмады. Жоспарлық экономика жағдайына инвестициялар ағымдағы шығындардан тек бір уақыттық сипатымен ғана айырмашыланатын залал ретінде көрінеді. Экономика ғылымы мен тәжірибесі дәлелдеп орығандай, капиталдық салымдар инвестицияның синонимі болып табылмайды, берілген терминдер ұғам емес. Капиталдық салымға қарағанда инвестиция түсінігі әлдеқайда кең. Батыс әдебиеттерінде қор нарығын қарастыруға баса назар аударуда, себебі, нарық экономикасы дамыған елдерде (АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Жапония) инвестицияландыру бағалы қағаздар арқылы іске асады. Қазіргі таңда отандық тәжірибеде екі термин қолданылады.

“Инвестиция” термині латынның investire – “жұмылдыру” сөзінен алынған. Бұл термин ғылыми және публицистикалық әдебиеттерде кеңінен қолданылады. Ғылыми әдебиеттерде инвестицияны анықтаудың әртүрлі тәсілдері бар.

Инвестициялардың экономикалық табиғатын оны жіктеу толығырақ түсініреді, жіктеу негізіне түрлі белгілер салынған. Белгілер ретінде мыналар қолданылады:

- 1) инвестициялардың түрлері;
- 2) ақша құралдарына салу объектілері;
- 3) инвестицияландыруға қатысу сипаты;
- 4) инвестицияландыру кезеңі;
- 5) меншік түрлері;
- 6) инвестордың қатысу түрлері;
- 7) тәуекел дәрежесі;
- 8) ұдайы өндіріс түрлері.

1. Инвестициялардың түрлерін былайша топтайды:

- ақша құралдары, сақимдар, пайлар, акциялар және басқа да құнды қағаздар;
- жылжымайтын және жылжымалы мүлік;
- авторлық құқықпен, тәжірибемен және басқа да интеллектуалды құндылықтармен байланысты мүлкітік құқықтар;
- жерді, суды, ресурстарды, үйлерді пайдалану құқығы және басқа да мүлкітік құқықтар;
- қандай да бір өндірісті (бірақ патенттелген “ноу-хау” емес) ұйымдастыруға қажетті техникалық құжат, дағды, өндірістік тәжірибе ретінде ресімделген техникалық, технологиялық, коммерциялық сауаттылық.

2. Құралдардың салыну объектілері бойынша инвестициялар былайша бөлінеді:

- нақта инвестициялар немесе құралдардың материалды активерге салынуы, яғни нақты инвестициялар – кәсіпорынның негізгі және

айналыс капиталын қалыптастыратын материалды және материалды емес активтерге салынатын салық.

- материалды емес активтер – лицензиялардың, патенттердің, тауар белгісінің құны, жарнамға және кадрларды дайындауға кеткен шығындар
- қаржылық инвестициялар немесе түрлі қаржылық құралдарға түрлі ақша құралдарының салынуы – депозиттер, құнды қағаздар, банктік салынымдар.

3. Инвестициялық процестерге қатысу сипаты бойынша инвестициялар келесі түрлерге бөлінеді:

- тікелей инвестициялар, мұнда инвестицияландыру және ақша құралдарын салу объектісін таңдауда инвестордың тікелей қатысуы қажет етіледі.
- Жанама, бұл ақша құралдарын өз қалауынша неғұрлым тиімді орналастыратын және аккумуляцияландыратын түрлі қаржылық делдалдар арқылы (инвестициялық қорлар және компаниялар) жүзеге асырады.

4. инвестицияландырудың кезеңдері бойынша инвестицияларды мына түрлерге бөлуге болады:

- қысқа мерзімді, ұзақтылығы бір жылдан аспайды (қысқа мерзімді депозиттік салымдар, жинақ депозиттері);
- ұзақ мерзімді, бұның ұзақтылығы бір жылдан көп.

5. Меншік түрлері бойынша инвестициялар:

- азаматтардың, мемлекеттік емес меншік нысанындағы кәсіпорындардың, өкіметті емес ұйымдардың жеке ақша құралдары;
- мемлекеттік ол, түрлі деңгейдегі кәсіпорындар мен мекемелердің бюджет көздерінен қаржыландырылады.

6. Инвестордың қатысу түріне байланысты:

- қайта құрылып жатқан кәсіпорындарға жартылай қатысу немесе шаруашылық жүргізіп отырған кәсіпорындардың бір блігін иелену;

- инвестор толық иеленетін кәсіпорындарды құру немесе шаруашылық жүргізіп жатқан кәсіпорындарды өз меншігіне алу.

#### 7. Тәуекел дәрежесі бойынша инвестициялар:

- тәуекелсіз инвестициялар. Мысалы, бірқатар мемлекеттерде қысқа мерзімді мемлекеттік облигацияларға салымдар салу қауіпсіз деп саналады, ал олар бойынша алынған табыс қауіпсіз қойылымды анықтайды, бұл қауіпсіз қойылым инвестициялық тәуекел нүктесін санау ретіндегі салымдарды бағалау ретінде қолданылады.
- Тәуекелді инвестициялар. Инвестициялармен байланысты тәуекел немесе белгісіздік дәрежесі, мысалы, уақыт, салыным объектісі сияқты факторларға тәуелді.

### 3.2 Инвестициялық бизнес-жоспар

Қатарына еніп, іске кедергі келтіруде. “Техникалық-экономикалық дәлелдеме” дәстүрлі түсінігі де осындай жағдайда, оны көп жағдайда инвестициялық жобаға немесе бизнес-жоспарға теңестіруде. Бұның неге әкеліп соғатыны шетелдік инвесторлармен байланысқа түскен кезде белгілі болады. Нескәні алуға кедергі келтіретін бөгеттердің бірі кәсіпорындардың көп бөлігі ТЭД-ді біріншіден, жобалардың экономикалық тиімділігінің, өтімділігінің есептеулері жоқ сызбалардың жиынтығы деп түсінеді. Жоба халықаралық нормаларға сай болуы тиіс. «Инвестициялық жоба» және «бизнес-жоспар» түсініктері көбінесе синонимдер ретінде қолданылады, бірақ олардың арасында, әсіресе, жобалық талдау тұрғысынан едәуір айырмашылықтар бар.

Әрине көп жағдайда барлық нәрсе бір немесе бірнеше адамдар ойлап табатын бизнес-идеялардан басталады, дегенмен бизнес-идеядан бастап жобаның жүзеге асуына және оны пайдалану кезеңдеріне дейінгі барлық жағдайда келтіген кедергілерден ету қажет.

«Бизнес-жоспар» термині біздің тәжірибемізде 90-шы жылдардың басында еолданыла бастады, ол кезде еліміз экономикамыздың қайта құрылу дәуіріне енді және заманның өзі нарықтық жағдайларды кәсіпорындарды басқару қағидаларын өзгертуді талап етті. Жәжелей алсақ, материалдық өндіріс салаларына капитал салымдарын дәстүрлі бюджет құралдары есебінен қаржыландыру іс жүзінде тоқтатылды және кәсіпорындардың көп бөлігінің алдында инвестицияға жету тұрды да, оның қайтарылуы талап етілді. Дүниежүзілік тәжірибе бойынша, инвестицияландыру процесінде бизнес-жоспар маңызда элементтердің бірі болып табылады. Бұл ағылшын тілінен сөзбе-сөз аударғанда «кәсіпкерлік іскерліктің жоспар» дегенді білдіреді және осы құжаттың мәнінің жоғары болғаны соншалық, Еуропа елдерінің көбінің басқару органдарында жаңа кәсіпорынды тіркеу үшін тиісті құжаттармен қатар бизнес-жоспар міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

Бизнес-жоспар – бұл кәсіпкерлік іскерлікпен байланысты басқарушылық шешімдерді кешенді, жүйелі түрде түсіндіретін, алдына қоятын мақсаттарды

және одан шығатын міндеттерді анық көрсететін, сыртқы және ішкі жағдайларды объективті түрде бағалайтын, мақсаттарға жету үшін қажетті ресурстарды анықтайтын, осының бәрін сандармен сипаттап, берілген шешімнің тиімділігін бизнеске тартылған барлық қатысушыларға (тұтынушылар мен оларға ақша салушылардан бастап, одан жақсы нәтижелерді күтуге құқылы қоғамға дейін) дәлелдей алатын құжат.

Бизнес-жоспар барлық мүдделі тұлғалар мен ұйымдарға іскерлік ақпараттарды жеткізуге арналған: бизнестің потенциалды қатысушыларымен көмеқшілеріне, жергілікті әкімшілігіне, мүмкін болатын инвесторларға, эксперттерге.

Бизнес-жоспарды құжат ретінде түсіну ондағы ақпараттардың құпиялылығын білдіреді, әрине, бұл туралы арнайы жазбалар болуы тиіс.

Бизнес-жоспардың мазмұны кешенді және жүйелі болуы керек, бұл онда сақталған ақпараттардың толық екендігін (маркетингтік, қаржылық, құқықтық, экономикалық, техникалық, тарихи) білдіреді.

Бизнес-жоспарды жасаушылардың алдында тұрған негізгі міндет инвесторларлы тарту болып табылады. Іс жүзінде қаржылық құрылымның (потенциалды инвестор) әрбіреуінде қарыз алушыны несиелендіру мақсатында құжаттарды дайындауында өз стандарттары бар, бірақ жағдайда да мақсат бір – жобаға салынған ақшалар күтілетін пайданы келетіндігін дайындау керек.



## Қорытынды

Қорыта келе, инвестиция дегеніміз - инвестиция - экономиканы даудың тұрақты және жоғары қарқынды қалыптастыруды, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізуді, инфрақұрылымды дамытуды көздейтін басты фактор. Инвестицияны дамытуда кәсіпорындарды қаржыландыратын және ұзақ мерзімге несиелер беретін мамандандырылған инвестициялық банктер мен акционерлік қоғамдардың ақшаларынан құрылған инвестициялық қорлар ерекше роль атқарады.

Инвестициялар ақша құралдары, мақасты банкілік салымдар, пайлар, акциялар және де басқа құнды қағаздар, технологиялар, машиналар, қондырғылар, лицензиялар, соның ішінде тауар белгісіне, пайда табу мақсатында кәсіпкерлік құлмет объектісіне салынатын интеллектуалды базалықтар, несиелер көз келген мүлік немесе мүліктік құқықтар ретінде анықталады және осының бәрі – пайда табу мен әлеуметтік жақсы әсерлерге жету мақсатында. Осы тұрғыда инвестиция түсінігі нарықтық дәсілге жақын келеді.

Қаржылық инвестицияны өтеушілік әдісімен бағалаған кезде бірнеше жылдардың қатар санын пайдаланады. Қаржылық жобасына: бірінші жылы - 40 мың теңге, екінші және үшінші жылдары – 60мың теңге, төртінші, бесінші жылдары – 40 мың теңге салынады деп топшыланған. Шын мәнінде ол 180мың теңге құраған, яғни инвестицияның құны 20мың теңгеге азайған.